



## Инфляциялық күтулер

Желтоқсан 2022

- Күтілетін және қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы тарихи ең жоғары деңгейге жетті
- Респонденттердің 66% бір жыл алдағы уақытта бағаның жылдам немесе тұрақты өсу қарқынын күтеді
- Тұрмыстық тұтынушылардың көңіл-күйі тұтынушылардың күтулерінің төмендеуіне байланысты нашарлады


### Күтулердің сапалық бағалары өсті

Бір жыл алға күтілетін инфляцияның сандық бағасы 24%<sup>1</sup>-ға дейін өсті (а. ж. қараша айында – 21,6%), бұл пікіртерім басынан максимум болып табылады. Бағаның ағымдағы өсу қарқынының сақталуын немесе жылдамдауын күтетін респонденттердің үлесі 66% дейін өсті (а.ғ. қарашада – 62%).


### Күтілетін және қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы барлық уақыттағы жаңа ең жоғары деңгейге жетті

2022 жылғы желтоқсанда күтілетін инфляцияның медианалық бағасы 21,3% дейін (қарашада – 18,2%), қабылданатын инфляция 22,1% деңгейіне дейін өсті (қарашада – 21,6%) өсті.

1-график. Күтілетін инфляцияның сандық мәні



2-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab, ҚР

Респонденттердің азық-түлік тауарлары арасында ет өнімдері, сүт өнімдері (32%) бағаларының айтарлықтай өсуі байқалады. Респонденттердің айтарлықтай бөлігі жемістер мен көкөністер (24%), нан өнімдері (24%), жарма және макарон өнімдері (24%), балық және теңіз өнімдері (14%), қант (13%), шай және кофе (12%).


Азық-түлік емес тауарлардың ішінде тұрмыстық химия, жуғыш және тазалау құралдары (31%), киім мен аяқ киім (21%), тұрмыстық техника (20%), парфюмериялық және косметика (12%), автокөліктер және құрамдас бөліктер (8%) бағасының өсуі байқалды.

Қызметтердің ішінде тұрғын үй-коммуналдық қызмет (10%), ұялы байланыс және интернет (7%), мәдени-сауық мекемелерінің қызметтері (14%) қымбаттағаны байқалды.

### 3-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер

қар.22-жел.22

(бір жыл алдағы уақытта бағаның өсуді күтетін респонденттердің %)



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab


**Тұтынушылардың көңіл-күйінің нашарлауы барлық құрамдас бөліктердің, негізінен күтулерді бағалаудың төмендеуі нәтижесінде тіркелді**

2022 жылғы желтоқсанда тұтынушылық көңіл-күй индексі 97,4 құрады (2022 жылғы қарашада – 103,4).


Атап айтқанда, соңғы жылдағы жеке қаржылық жағдайды бағалау айтарлықтай нашарлады (индекс 4,9 тармаққа, 62,7-ге дейін төмендеді). Ірі сатып алуларға дайындық төмендеді (индекс 3,7 тармаққа – 81,9-дан 78,2-ге дейін төмендеді) және теріс аймақта болуды жалғастыруда.

Экономикалық дамудың ұзақ мерзімді бағалаулары да нашарлады (7,6 тармаққа, 127,7-ге дейін), қысқа мерзімді бағалаулар да (5 тармаққа, 120-ға дейін). Алдағы жылдағы жеке жағдайдың өзгеруін бағалау нашарлады (индекс 8,9 тармаққа 107,2-ден 98,3-ке дейін төмендеді), бұл барлық көрсеткіштердің арасындағы негізгі нашарлау болып табылады.


**4-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі <sup>2</sup>**



**5-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары**



**6-график. Күтулер бағалаулары**



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

## ЕСКЕРТПЕЛЕР

---

**1** Инфляциялық күтулердің квантификацияланған мәнін есептеу әдістемесі Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылған

2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғаларға әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті

Қабылданатын инфляцияны медианалық бағалау: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өсті? сұрақ нәтижелері негізінде есептелген. Күтілетін инфляцияны медианалық бағалауы - «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өседі?»

**2** Тұтыну көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы елдің даму перспективалары;
- жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- ірі сатып алулар.

Ағымдағы жай-күй индексі: жеке индекстердің орташа мәні

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні.

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- елдің алдағы 5 жылдағы даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді